

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 қазандағы N 1021 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.13 № 1196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасы Жол қозғалысының ережелерін, Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер мен жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша лауазымды адамдар мен жол қозғалысына қатысушылардың міндеттерін және Арнайы түстік-графикалық схемалар бойынша арнайы түстік және дыбыстық белгілермен жабдықталуға және боялуға жататын жедел және арнайы қызметтердің, көліктің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерінде :

мәтіндегі "милиция" деген сөз "полиция" деген сөзбен ауыстырылсын;
"Жалпы ережелер" деген 1-бөлімде:

1.2-тармақтың қырық бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"реттеуші - жолдағы қозғалысты басқару жөніндегі реттеу іс-әрекеттерін орындауға уәкілетті, тиісті куәлігі мен керек-жарағы (нысандық киімі немесе айырым белгісі - қарына тағатын байлауышы, ала таяғы, қызыл белгісі не жарық қайтарғышы бар дискісі, қызыл шам немесе жалауша) бар ішкі істер органдарының (полицияның), әскери автомобиль полициясының қызметкері немесе жол-коменданттық бөлімшенің әскери қызметшісі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің (бұдан әрі - Көліктік бақылау комитеті) қызметкері, жол-пайдалану қызметінің қызметкері, темір жол өткеліндегі, паром өтпесіндегі кезекші;"

"Жүргізушілердің жалпы міндеттері" деген 2-бөлімде:

2.1.1 - тармақта :

екінші және сегізінші абзацтардағы "уақытша рұқсат" деген сөздер "

жүргізуші куәлігінің орнына берілген куәлік" деген сөздермен ауыстырылсын;
алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"заңнамада белгіленген жағдайларда көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі және/немесе жолаушылардың алдында тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру п о л и с і ; " ;

2.3.1-тармақтағы "техникалық" деген сөз алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 2.3.3-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.3-1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген жағдайларда Ережелерді білуін тексеруден өту.";

2 . 3 . 5 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "ішкі істер органдарының жасақшылары мен штаттан тыс қызметкерлеріне" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші абзац "ішкі істер органдары" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметі" деген сөздермен толықтырылсын;

2.5-тармақтың төртінші абзацындағы "немесе тергеу органдары" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2.6-тармақ "жақын жердегі" деген сөздерден кейін "жол полициясы" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2.7.2-тармақтағы "Техникалық" деген сөз алынып тасталсын;

2.7.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.7.3. Иесі заңнамада белгіленген жағдайларда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын және/немесе жолаушылардың алдында тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамаған көлік құралын пайдалануға.";

мынадай мазмұндағы 2.7.3-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.7.3-1. Мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері болмаған немесе олар тіркеу құжаттарына сәйкес келмеген жағдайларда көлік құралын пайдалануға.";

2.7.4-тармақ "жүргізушінің куәлігі" деген сөздерден кейін "(жүргізуші куәлігінің орнына берілген куәлік және жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжат)" деген сөздермен толықтырылсын;

2.7.5-тармақтағы "тыйым салынады" деген сөздер алынып тасталып, мынадай мазмұндағы 2.7.6-тармақпен толықтырылсын:

"2.7.6. Жүріс бөлігіне қоқыс, қозғалыс үшін қауіп туғызатын заттар лақтыруға тыйым салынады. Бұл талап жол қозғалысының басқа қатысушыларына да қ о й ы л а д ы . " ;

2.8-тармақтың екінші абзацы "басқа да ақаулар" деген сөздерден кейін "және жағдайлар" деген сөздермен толықтырылсын;

"Жаяу жүргіншілердің міндеттері" деген 3-бөлімнің 3.6-тармағындағы "реттеушінің" деген сөз "бағдаршамның (реттеушінің)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бағдаршамның және реттеушінің сигналдары" деген 5-бөлімде:

5.3-тармақ "немесе" деген сөзден кейін "бір мезгілде ысқырып сигнал бере отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

5 . 6 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Реттеуші қолын көтерген немесе сары сигнал жанған кезде, егер бағдаршам сигнализациясының жұмыс режимі жасыл сигналдың тікелей сөнер алдындағы жыпылықтауын қамтамасыз етпейтін жағдайларда, шұғыл тежеуге жүгінбей тоқтата алмайтын жүргізушілерге Ереженің 5.5-тармағында белгіленген жерлерде әрі қарай қозғалуға рұқсат етіледі.";

екінші абзацтағы "Сигнал берілген" деген сөздер "Реттеуші қолын көтерген немесе сары сигнал жанған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Арнаулы сигналдарды қолдамау" деген 6-бөлімде:

6 . 1 - т а р м а қ т а :

екінші абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қарулы Күштері әскери автомобиль полициясының және жол полициясының көлік құралдарында олар басқа көлік құралдарын бірге алып жүрген кезде көк түсті жарқылдауық маякқа қоса, қызыл түсті жарқылдауық маяк іске қосылуы мүмкін.";

6.4-тармақтағы "3.17.2" деген сандардан кейін ", 3.20" деген сандармен толықтырылсын;

"Маневр жасау" деген 8-бөлімнің 8.2-тармағының бірінші абзацы "артқы жүріс шамын жағумен" деген сөздерден кейін "және авариялық сигнализацияны қосумен" деген сөздермен толықтырылсын;

"Көлік құралдарының жүріс бөліктерінде орналасуы" деген 9-бөлімде:

9.10-тармақтағы "ол тежеу жасаған кезде" деген сөздер алынып тасталсын;

9.11-тармақтағы "Елді мекендерден тыс жолдарда жылдамдығын 40 км/сағ. асырмауы тиіс болатын көлік құралдарының жүргізушілері" деген сөздер "Елді мекендерден тыс жерде екі жолағы бар екі жақты қозғалысты жолдарда олар үшін жылдамдыққа шектеу белгіленген көлік құралдарының, сондай-ақ ұзындығы 7 м-ден асатын көлік құралдарының (көлік құралдары құрамының) жүргізушілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9.12-тармақпен толықтырылсын:

"9.12. Екі жақты қозғалысты жолдарда жүріс бөлігінің ортасында орналасқан

қауіпсіздік аралдарының бөлу жолағы, тумбалар және жол құрылыстарының элементтері (көпір тіректері, жол өткізгіштері және сол сияқтылар) болмаған кезде, егер белгілер мен таңба өзгеше нұсқамаса, жүргізуші оң жағынан айналып өтуге міндетті.";

"Аялдама және тұрақ" деген 12-бөлімнің 12.4-тармағының жетінші абзацындағы "5" деген сан "15" деген сандармен ауыстырылсын;

"Көше қиылысын өту" деген 13-бөлімнің 13.11-тармағы "жақындап қалған" деген сөздерден кейін ", оның ішінде кейін қарай бұрылуды жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;

"Сыртқы жарықтандыру приборларын және дыбыстық сигналдарын пайдалану" деген 19-бөлімде:

19.1-тармақтың екінші абзацы "мен мопедтерге -" деген сөздерден кейін "габариттік шамдар мен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 19.5-1-тармақпен толықтырылсын:

"19.5-1. Тұманға қарсы фарлар алыс және (немесе) жақын жарық фарларының қосылғанына қарамастан, габариттік шамдар қосылған кезде қосылуы тиіс.";

19.10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19.10. Сарғыш қызыл немесе сары түсті жарқылдауық маяк жолдарды салу, жөндеу немесе ұстау, бұзылған, жарамсыз және өзге де көлік құралдарын тиеу және тасымалдау жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде көлік құралдарында; ауыр салмақты, ірі көлемді жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде көлік құралдарында; ауыр салмақты, ірі көлемді және қауіпті жүктердің тасымалдарына ілесіп жүретін көлік құралдарында; ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдауға арналған автобустарда қосылуы тиіс.";

"Жүк тасымалдау" деген 23-бөлімде:

23.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23.1. Жүк тасымалдау осы мақсатқа арналған көлік құралдарымен және көлік құралдарының құрамдарымен жүзеге ысырылуы тиіс.

Автобустарда қол жүгін қоятын бөлімшеден тыс орында жүкті, оның ішінде қол жүгін тасымалдауға тыйым салынады.";

23.6-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауыр салмақты, ірі көлемді және қауіпті жүктерді тасымалдау, жүкпен немесе жүксіз көлемдік өлшемі ені бойынша - 2,55 м-ден (2,6 м - изотермиялық қораптар үшін), жүріс бөлігінің бетінен биіктігі бойынша - 4 м-ден, автопоездың (бір тіркемені қоса алғанда) ұзындығы бойынша - 20 м-ден асатын не көлік құралының көлемінен 2 м-ден астам артқа шығып тұратын жүгі бар көлік құралының қозғалысы, сондай-ақ екі және одан көп тіркемелері бар автопоездардың қозғалысы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін арнайы ережелерге сәйкес орындалуы тиіс.";

1 - қ о с ы м ш а д а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Жол белгілері* (ҚР СТ 1125-2002 және 23457-86 ГОСТ-ы бойынша)";

"Ескерту белгілері" деген 1-бөлімде:

сілтемедегі "10807-78 ГОСТ-ына" деген сөздер "ҚР СТ 1125-2002-ге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Тегіс емес жол" деген 1.16-тармақтан кейін мынадай мазмұндағы 1.16.1-тармақпен толықтырылсын:

"1.16.1 "Жасанды ойлы-қырлылық".";

мынадай мазмұндағы 1.31.4, 1.31.5 1.32.1, 1.32.2 және 1.32.3-тармақтармен толықтырылсын:

"1.31.4, 1.31.5 "Бұрылыстың бағыты".

1.32.1, 1.32.2 және 1.32.3 "Кедергіні айналып өту".";

"Тыйым салатын белгілер" деген 3-бөлімнің 3.7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3.7 "Тіркемелі көлік құралдарының қозғалысына тыйым салынады".";

"Алдын ала жазылатын белгілер" деген 4-бөлімнің 4.9-тармағындағы "4.9.1 - солға, 4.9.2 - тіке, 4.9.3 - оңға" деген сөздер "4.9.1 - оңға, 4.9.2 - солға, 4.9.3 - тіке" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Сервис белгілері" деген 6-бөлімде:

6.12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6.12 "Жол полициясы бекеті".";

мынадай мазмұндағы 6.13-тармақпен толықтырылсын:

"6.13 "Көліктік бақылау бекеті".";

"Қосымша ақпарат белгілері (табличкалар)" деген 7-бөлімнің 7.11-тармағындағы "рұқсат етілген барынша жоғары" деген сөздер "толық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер мен жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі бойынша лауазымды адамдар мен жол қозғалысына қатысушылардың міндеттерінде:

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Механикалық көлік құралдары мен тіркемелер "Транзит" деген тіркеу белгісінің қолданылу мерзімі ішінде жол полициясында тіркелуі тиіс.";

8-тармақтың сегізінші абзацындағы "ТУ-7100 ҚР 39044189-НПО-01-2001" деген сөздер "ҚР СТ ГОСТ Р 41.104-2001" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 3 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"олардың құрамында жүруге арналмаған тіркемелі автомобильдерге";

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"иелері заңнамада белгіленген жағдайларда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын және/немесе жолаушылардың алдында тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамаған көлік құралдарына";

алтыншы абзацтағы "Мемлекеттік автомобиль инспекциясының" және "Мемлекеттік автомобиль инспекциясымен" деген сөздер тиісінше "Жол полициясының" және "жол полициясымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші абзацтағы "ТУ-7100 ҚР 39044189-НПО-01-2001 талаптарына сай" деген сөздер алынып тасталсын;

14-тармақтың екінші абзацындағы "өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырмаған" деген сөздер "заңнамада белгіленген жағдайларда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын және/немесе жолаушылардың алдында тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақтың бірінші абзацындағы "Мемлекеттік автомобиль инспекциясымен" деген сөздер "жол полициясымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

қ о с ы м ш а д а :

кіріспедегі "Автокөлік құралдары. Қозғалыс қауіпсіздігі шарттары бойынша техникалық жай-күйіне қойылатын талаптар. Тексеру әдістері" 25478-91 ГОСТ-пен" деген сөздер "Автокөліктік құралдары. Техникалық жай-күйіне қойылатын қауіпсіздік талаптары және тексеру әдістері" СТ ҚР Р51709-2003-пен " деген сөздермен ауыстырылсын;

"Тежеу жүйелері" деген 1-бөлімнің 1.1-тармағы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"1.1. Жол сынаулары кезінде жұмысшы тежеу жүйесімен тежеу тиімділігінің кестеде келтірілген нормалары сақталмайды:

Кесте

Көлік құралдары	Көлік құралының (автопоезд құрамындағы тартқыштың) санаты	Тежеу жолы, м, көп емес	Белгіленген бәсеңдету m/s^2 , кем емес
Жолаушылар және жүкжолаушы автомобильдері	M_1^*	14,7	5,8
	M_2, M_3	18,3	5,0
Тіркемесі бар жеңіл автомобильдер	M_1	14,7	5,8
Жүк автомобильдері	N_1, N_2, N_3	18,3	5,0
Тіркемесі бар жүк автомобильдері (жартылай тіркемесі бар)	N_1, N_2, N_3	19,5	5,0

Е с к е р т п е .

1. Сынақ тегіс, құрғақ, таза цемент немесе асфальт-бетон төселген жолдың көлденең учаскесінде, тежеу басталғанда автомобильдер, автобустар және автопоездар үшін - 40 км/сағ. және мотоциклдер мен мопедтер үшін - 30 км/сағ. жылдамдықпен өткізіледі. Көлік құралдарын жұмысшы тежеу жүйесін басқару органына бір рет әсер ету жолымен сынайды. Сынақтар кезінде көлік құралының массасы рұқсат етілген ең жоғары массадан аспауы тиіс.

2. Көлік құралдары жұмысшы тежеу жүйесінің тиімділігі ҚР СТ Р51709-2003-ке сәйкес басқа көрсеткіштер бойынша да бағалануы мүмкін.

3. "*" Осы жерде және бұдан әрі көлік құралдарының санаты ҚР СТ Р51709-2003-ке А-қосымшада көрсетіледі.";

"Рульдік басқару" деген 2-бөлімнің 2.1-тармағындағы ескертпе алынып т а с т а л с ы н ;

"Сыртқы жарықтандыру приборлары" деген 3-бөлімнің 3.2-тармағындағы "ГОСТа 25478-91" деген сөздер "ҚР СТ Р51709-2003" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Дөңгелектер мен шиналар" деген 5-бөлімде:

5.5 және 5.6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5.5. Көлік құралдарының бір осіне әр түрлі мөлшердегі, конструкциядағы (радиальды, диагональды, камералы, камерасыз), үлгідегі, протекторының түрлі суреті бар, тиектелген және тиектелмеген, аязға төзімді және аязға төзімсіз, жаңа және қалпына келтірген шиналар орнатылған.

5.6. Қалааралық автобустың (II** сынып) және алыс сапарға шығатын автобустың (III сынып) алдыңғы осіне қалпына келтірілген протекторлы шиналар, ал басқа остеріне екінші сыныпты жөндеу бойынша қалпына келтірілген шиналар орнатылған.

Ескертпе: "***" Осы жерде және бұдан әрі автобустардың сыныптары ҚР СТ Р51709-2003-ке А-қосымшада көрсетілген.";

5.7-тармақтағы "автобустың (қалааралық емес)" деген сөздер "қалалық автобустың (I сынып)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Двигатель" деген 6-бөлімде:

6.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6.1. Шығарылған газдардың құрамындағы зиянды заттар және олардың түгінділігі 17.2.2.03-87 ГОСТ-та, 17.2.2.06-99 ГОСТ-та және 21393-75 ГОСТ-та белгіленген нормалардан асып түседі.";

мынадай мазмұндағы 6.4-тармақпен толықтырылсын:

"6.4. Картерді желдету жүйесінің герметикалығы бұзылған.";

"Құрылымның басқа да элементтері" деген 7-бөлімде:

7.1-тармақтағы "айналысының, әйнегінің" деген сөздер "айнасы жоқ немесе

олардың жиынтығы ҚР СТ Р51709-2003-те белгіленген талаптарға сәйкес келмейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7.1-1-тармақпен толықтырылсын:

"7.1-1. Көлік құралының конструкциясында көзделген әйнегі және күнге қарсы күн қағарлары жоқ.";

7.2-тармақтағы "көлік құралының конструкциясында көзделмеген" деген сөздер "негізгі жиілікпен өзгеріп отыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

7.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7.3. Жүргізуші отырған жерден көруді шектейтін, жол қозғалысына қатысушылардың жарақат алу қаупін тудыратын қосымша заттар орнатылған.

Механикалық көлік құралы кабинасының желқағар және алдыңғы бүйіріндегі әйнектеріне жабу, оның ішінде түрлі-түсті мөлдір пленкалар жапсырылған.

Ескертпе. Желқағар әйнегінің жоғары бөлігіне - ені 140 мм-ден аспайтын, ал M_3 , N_2 , N_3 санаттарындағы автокөлік құралдарына ені желқағар әйнегінің жоғары шегі мен оның әйнек тазалағышпен тазалау аймағының жоғары шекарасы арасындағы ең аз аралықтан аспайтын түрлі-түсті мөлдір пленка жолағын пайдалануға рұқсат етіледі. Автобустардың терезелеріне пердешелер, сондай-ақ жеңіл автомобильдердің артқы әйнектеріне жалюздер және пердешелер қолдануға рұқсат етіледі.";

7.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7.5. Конструкцияда белгіленген тәртіппен көзделген қорап немесе кабина есіктерінің құлыптары, жүк платформасы борттарының тиектері, цистерналар аузының тиектері мен отын бақтарының тығындары, жүргізуші және жолаушылар отырғыштарын реттейтін және бекітетін тетік, есіктердің авариялық ажыратқышы мен автобустағы тоқтатуды талап ету сигналы, автобустың авариялық жағдайда шығатын есіктері мен оларды іске қосу құрылғылары, автобустың салонын іштен жарықтандыру аспаптары, есіктерді басқару жетегі және олардың жұмыс істеу сигнализациясы, спидометр, тахограф, көлікті айдап әкетуге қарсы құрылғылар, әйнекті жылыту және үрлеу құрылғылары жұмыс істемейді.";

7.8-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"рұқсат етілген ең үлкен салмағы 3,5 т-дан асатын жүк автомобильдерінде және автобустарда кейін кетуге қарсы тіреуіштердің (кемінде екі);";

7.16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7.16. Жол полициясының рұқсатынсыз көлік құралдарын қайта жабдықтау жүргізілген.

Ескертпе: көлік құралдарын қайта жабдықтау (конструкциясын өзгерту) - көлік құралының конструкциясында көзделген жол қозғалысының қауіпсіздігіне

әсер ететін құрамдас бөліктер мен жабдықтау заттарын алып тастау немесе көзделмегендерін орнату." ;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Арнайы түстік-графикалық схемалар бойынша арнайы түстік және дыбыстық белгілермен жабдықталуға және боялуға жататын жедел және арнайы қызметтердің, көліктің тізбесінде:

4-тармақтағы "жөніндегі комитетінің" деген сөздер "министрлігінің" деген сөзбен ауыстырылсын ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери автомобиль полициясы."

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі